



**ЖЕР –СУ АТАУЛАРЫНЫҢ АДАМЗАТ ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ
МЕН МАҢЫЗЫ**

*Темирова Асем Даниярқызы,
Науай мемлекеттік университеті
Тілдер факультеті
Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты
2 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Бердимуратова Лаззат Дуйсеновна
Филология пәндері бойынша философия докторы (PhD)*

АННОТАЦИЯ: Жер –су (географиялық) атауларының қоғамдағы ең басты қызметі-оның мекенжайлық, геоақпараттық қызметі. Яғни, географиялық атаулар кез – келген топографиялық кеңістіктегі географиялық нысандар жөнінде нақты бағдар беру, ол туралы геологиялық (нысананың Жер бетінде орналасу координаталары, көлемі, өзен болса – ұзындығы, тереңдігі, алабы; тау болса– биіктігі, нақты елді мекеннен жақындығы–алыстығы және т. б.) деректермен ел ішіндегі мүдделі ведомстволар мен сырттағы халықаралық ұйымдарды (мысалы, әуе жолы, теміржол қатынастары, халықаралық тасымалдау саласы, т. б.) қамтамасыз ету болып табылады.

Кілт сөздер: Қызылқұм, топоним, лексикалық қабат, мәдени мұра, хронологиялық дәуір

*Temirova Asem Daniyar qizi
Navoiydavlat universiteti
Tillar fakulteti
Qozoq tili va adabiyoti
2-kurs talabasi*

Ilmiy rahbar: Berdimuratova Lazzat Duysenovna



filologiya fanlari bo'yicha falsafa doktori (PhD)

ANNOTATSIYA: *Jamiyatdagi geografik nomlarning eng muhim vazifasi manzil va geoaxborot vazifasidir. Ya'ni geografik nomlar har qanday topografik makondagi geografik ob'ektlarni aniq yo'naltirishni ta'minlaydi va ular haqida geologik ma'lumot beradi (ob'ektning Yerdagi joylashuvi koordinatalari, o'lchami, daryo bo'lsa □ uzunligi, chuqurligi, havzasi; tog' bo'lsa □ balandligi, yaqinligi □ muayyan aholi punktidan uzoqligi va boshqalar). Bundan maqsad mamlakat ichidagi manfaatdor idoralarga va xorijdagi xalqaro tashkilotlarga (masalan, aviakompaniyalar, temir yo'llar, xalqaro transport va boshqalar) ma'lumotlarni taqdim etishdan iborat.*

Kalit so'zlar: *Qizilqum, toponim, leksik qatlam, madaniy meros, xronologik davr*

Temirova Asem Daniyar qizi,

Navoi State University

Faculty of Languages

Kazakh Language and Literature

2 course student

Research supervisor: Berdimuratova Lazzat Duisenovna

Doctor of Philosophy (PhD)

ANNOTATION: *The most important function of geographical names in society is their address and geoinformation function. That is, geographical names provide a clear orientation to geographical objects in any topographic space, and provide geological information about them (the coordinates of the object's location on Earth, its size, if it is a river - its length, depth, basin; if it is a mountain - its height, proximity - distance from a specific settlement, etc.). The purpose of this is to provide data to interested departments within the country and international organizations abroad (for example, airlines, railways, international transport, etc.).*

Keywords: *Kyzylkum, toponym, lexical layer, cultural heritage, chronological era*



Кіріспе: Кез – келген тілдегі жер – су атаулары – халықтың ерте заманнан бастап мыңдаған жылдар аралығындағы ұжымдық шығармашылығының жемісі. Этнологиялық кеңістікте қалыптасқан халықтық атаулар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, оның ұлттық дүниетанымының, рухани болмысының, құндылықтар жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі, тарихи жәдігері, мәдени мұрасы болып табылады. Жер- су атаулары – адамзат пен оны қоршаған топографиялық ортаны тікелей байланыстырып отыратын, сол арқылы этностың тілдік, территориялық, этникалық сәйкестігін айқындайтын маңызды тілдік мәдени фактор. Осы ретте Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы қандай да ұлттың тіліндегі жер – су атауларына байыппен, аса құрметпен қарауға үндейді. Қазіргі таңда әлемде қалыптасып отырған күрделі геосаяси жағдайда, жаппай жахандану үрдісі қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларына дендеп енген кезде халқымыз өзінің ұлттық ерекшелігін жоғалтпай, өзгеге өзін мойындатуда ұлт мәдениетін, тілін, тарихын, рухани құндылықтар жүйесін, адами, этикалық мұраттарын жүйелеудің, түгендеудің, зерделеудің орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың жер – су атаулар жүйесі ұлттық бірегей ліктің, бірден – бір көрсеткіші болып табылады.

Әдістер: Мақалада салыстырмалы-тарихи, этимологиялық талдау әдістерінен пайдаланылған.

Нәтижелер: Топонимдердің (жер – су аттарының) шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның әлеуметтік – экономикалық жағдайына, ел – жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсуіне тікелей байланысты болып отырады. Қоғамда әр кезде орын алатын саяси, әлеуметтік дағдарыстар, нақты бір территориядағы халықтың этникалық құрамының өзгеруі (көбеюі, азаюы), мемлекеттік құрылымдық өзгерістер өз кезегінде жер – су атаулар репертуарында да тікелей көрініс тауып отырады. Кез – келген этностың,



халықтың түрлі тарихи дәуірлерде мәдени, тілдік, әлеуметтік дамуына сыртқы, экстралингвистикалық факторлар тікелей ықпал ететіндігі белгілі.

Науай уәлаятының үлкен бөлігін алып жатқан Қызылқұм өңіріндегі Кенимех, Үшқұдық, Тамды аудандарының жер – су аттары тарихи әрі мәдени мұрамыздың сарқылмас асыл қоры болып табылады. Өлке тарихына көз жіберсек, бұл жерде ертеден ірі тарихи оқиғалардың болғанын, әсіресе әр кезең, әрбір дәуірде өмір сүріп, ізін қалдырған талай тайпалар мен ұлыс, ұлт, халықтың өткенін көрсек, қазір де көп ұлтты ұлт мекендеп отыр. Қасиетті бұл өлке қаншама кең, ұлан – ғайыр болса, оның бет – бедері де атау сөздерге толы, бай әлі күнге сыры ашылып жазылмаған кітап.

Жеріміздегі мыңдаған атаулардың шығу, пайда болу, дамып өсуі бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, тарлан дәуірлердің куәсі, біздің заманға жеткен бай қазына, асыл мұрасы. Бүгінгі Қызылқұм аймағында сан қилы тарихи оқиғалардың болып өткені, бұл қасиетті де, құдіретті жерімізде талай ұлыс, тайпа, ел, халықтың ғұмыр кешіп, мыңдаған жер – су аттары арқылы өз іздері қалдырып отырғаны тарихтан мәлім. Бұл атаулардың ішінде тарихқа дейінгі, яғни біздің дәуірімізге дейінгі жер – су аттары мен ортағасырлық көне атаулар көптеп кездеседі.

Б.д.дейінгі гидронимдер мен оронимдер: а) көл аттары: Ағытпа; ә) тау аттары: Қаратау, Келіншектау, Оғызтау;

Ортағасырлық жер-су аттары: Таңсарай, Тамды, Кенимех, Сөкітті, Үштөбе, Чордара, Құмрабат т.б .

Жазба деректер мен археологиялық қазба материалдар – өткен дәуірдің орта ғасырында Қызылқұм өңірінде тұрақтар мен елді мекен және қалашықтардың көп болғандығын растап отыр. Оның негізгі себебін Орта Азия халықтары өмірінде көшпенділікпен қатар отырықшылықтың да болғанын кеңінен дәлелдей түседі. Мұнан өзге қалашық аттарының тілдік сипаты жағынан қайсы халыққа тәндігін анықтау – қазіргі түркі тілдері үшін сол тілде сөйлейтін халықтар үшін аса маңызды мәселе болып табылады.



Қызылқұм өңіріндегі көне топонимдер тарихи лексика материалдар ретінде де аса құнды да бағалы. Әсіресе қазіргі республика аумағында замандар бойы түрлі этникалық топтардың өмір сүргендігін, ал ономастикалық материалдар олардың тілдерінің қалдықтары ретінде біздің заманымызға жеткендігін, сол тілдердің құпия сырларын ашуға септігін тигізетін аса зор деректер болып саналатынын анық көреміз.

Қызылқұм топонимдерін талдау барысында олардың бірнеше хронологиялық дәуірге тәндігін байқаймыз.

1. Біздің дәуірімізге дейінгі топонимдер

Қазіргі топонимдер құрамында қазақ тілі материалы тұрғысынан талдауға көнбейтін, әдеби тіл нормасында жоқ лексикалық қабаттар жиі ұшырайды. Ондай топонимдердің кейбіреулері тарих атасы Геродот Страбон, К.Птолемей т.б. кездесе, басқалары V – VIII ғ.ғ көне түркі жазба ескерткіштерінде, енді біреулері біздің дәуірімізден бұрынғы үйсін, қаңлы тілдеріне тән болып келеді.

Біздің дәуірімізге дейінгі топонимдердің көпшілігі тау, теңіз, өзен, көл атаулары болса, кейбіреулері қала аттары ретінде ұшырайды. Мәселен, Қаратау, Ақтау, Қолжықтау, Ақтасты, Ағытпа, Кеңсай, Сасықкөл, Ақсай (елді мекен атауы) т.б.

2. Ерте ортағасырлық топонимдер

Қазіргі Қызылқұм жерінде ерте ортағасырда кімдер, қандай тайпа, ру, ұлыстар мен елдер өмір сүріп, тіршілік еткені, ол кездегі топонимдер жайлы көптеген ғалымдарымыздың еңбектерінде толық әрі жан – жақты айтылса [Мамедов Э.Д. Первобытний льялакан. Этапы древнейшего заселения и освоения внутренних Кызылкумов. –М.: Наука. 1975; Мирзаев А. Эволюция обстановок осадконакопления известственный состав морских формаций палеогена Кызылкумов– Ташкент, автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора геолого-минералогических наук 2012], археологтар еңбектерінде сол кездегі қалалар, замандар табына орай жер астында қалған,



қирап бөлінген, кейіннен қазба жұмыстары нәтижесінде аршылып, анықталған қала аттары белгілі болды.

Ерте Ортағасырлық тайпалар мен рулар және сол кездегі қалалар мен тұрақтар, өзен, көл, тау тағы да басқа жер атаулары XI ғ, әйгілі ғалым Махмұт Қашқари еңбегінде берілген. Қызылқұмның ерте ортағасырдағы ру, тайпаларының шығу, пайда болу тарихын, атаулардың тарихын шегін анықтау, салыстыру, оларды археологиялық тұрғыдан зерттеу мәселелерімен көп шұғылданып іргелі еңбектер жазылып қарастырылды [Хошимов Х. Оёқоғитма макони- илк неолит даври тош индустрияси. Самарканд, 2001. - С. 6].

Ерте ортағасырлық топонимдер (аудан, ауыл, көл, бұлақ, құдық, тау, төбе, сай атаулары) осы еңбекте беріліп отырғандықтан бұл арада жеке – жеке талдап жатуды жөн санамадым.

3. Ортағасырлық топонимдер

X-XVI ғасырларда Қызылқұмның оңтүстігі мен оңтүстік шығысында, солтүстік және орталық, шығысы мен батыс аудандарында тұрған қыпшақтар, қаңлы, жалайыр, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, алшын, алтын, жетіру, әлім, төртқара т.б. тайпаларының топонимдерін де орта ғасырға жатқызуға болады.

Ортағасырлық топонимдерді талдай келе байқағанымыз – олардың құрамында көне түркі тілдерімен қатар араб, иран, монғол тілдерінен енген топонимдер барын көреміз.

Араб, иран тілдерінен енген топонимдердің Тамды, Үшқұдық ауданына карағанда Кенимех ауданында басым екендігін тілге тиек етсек болады. Мәселен, Тамды, Кенимех, Сөкітті, Үштөбе, Чордара, Құмрабат т.б.

Ортағасыр топонимдерінің тарихи – географиялық әдебиеттерде ғана емес, нақтылы атау ретінде де сақталып, өз жалғасын тауып отырғанын көреміз. Жібек жолы бойындағы тарихи елді мекендердің көпшілігі сол бастапқы айтылу, жазылу нұсқасында біздің заманымызға жетсе, біразы археологиялық қазба жұмыстары негізінде ашылып отыр.



Қорытынды: Тарихы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр, сондықтан келер ұрпақ тарихтан тағлым алу үшін елімізді әйгілейтін, ұлттығымызды ұлықтайтын тарихи атауларымыздың тарихи шежіре екендігін санаға кұю басты міндет. Біздің басты мақсатымыз – еліміздегі әр жердің, судың, елді мекендер мен мәдени орындардың аттарындағы қатпарлы сырды ашып, бабалар мұрасына байыппен қарап, кейінгі ұрпаққа өнеге ету.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авесто (Асқар Махаммат таржимаси) – Тошкент: “Шарқ”, 2001. – Б. 384.
2. Абдулкасимов А.А., Аббасов С.Б. Ландшафтно-экологические исследования Центрального Кызыл-кума. Самарканд, 2001. - С. 6
3. Арапбаев Е. Қызылқумдағы топонимдер мен олардың этимологиясы. – Тошкент: “САННОФ”, 2022. – 320 б.
4. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов
5. Мустафаев Ж., Нарзуллаев У., Бердимуратова Л., Сафаров З. Конимех тумани кеча ва бугун. Тошкент: “САННОФ”, 2021. – 355 б.
6. Серик Шүкын “Құт дарыған Қызылқум”. – Ташкент: Абдулла Қадыри атындағы халық мұрасы баспасы. 2004. – 210 б.
7. Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» (I т. 1960, II т. 1961, III т. 1963).
8. Мамедов Э.Д. Первобытный льявлан. Этапы древнейшего заселения и освоения внутренних Кызылкумов. –М.: Наука. 1975.
9. Мирзаев А. Эволюция обстановок осадконакопления известняковый состав морских формаций палеогена Кызылкумов– Ташкент, автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора геолого-минералогических наук 2012.



10. Хошимов Х. Оёқоғитма макони- илк неолит даври тош индустрияси. Тарих фанлари бўйича фалсафа доктори(PhD) диссертацияси автореферати. Самарқанд, 2019 йил.